

## **Көздіғара ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 5 қарашадағы № 36 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күшін жою туралы**

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Көздіғара ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 26 қаңтардағы № 1 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 1 ақпанда № 4885 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылқоға аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 18 қаңтардағы № 11-10/13 ұсынысы негізінде Көздіғара ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Көздіғара ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 5 қарашадағы № 36 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4784 болып тіркелген, 2020 жылғы 9 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Көздіғара ауылдық  
округінің әкімі*

*А. Ақбалашұлы*